

**"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 85 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 1 сәуірде N 3189 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 наурыздағы № 49 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 05.03.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 124-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Төрегелдин

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов
ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03
наурыздағы № 85 қаулысымен бекітілген

**"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудан аумағында ветеринария саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып т а б ы л а д ы .

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің: "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринарлық станциясы" ведомствосы бар.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 151200, Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Жамбыл көшесі, 76.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: мемлекеттік тілде: "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Отдел ветеринарии Уалихановского района Северо-Казахстанской области".

11. Осы Ереже "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту және жетілдіруге жәрдемдесу.

15. Міндеттері:
жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкеленуі мен таралуынан қорғау;
ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;
жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою;
ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру.

16. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды

асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде
ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал
қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды
к ү т і п - ұ с т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс- шаралар туралы
ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
ветеринария мәселелері бойынша халық арасында ағарту жұмыстарын
ұ й ы м д а с т ы р у ж ә н е жү р г і з у ;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен
шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге
асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі
ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды
ұ й ы м д а с т ы р у ;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін
жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай
залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып
қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген
жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне
ө т е у ;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау
объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар
мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың
Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақталуына
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды
ұ й ы м д а с т ы р у ж ә н е жү з е г е а с ы р у ;

эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;
эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы
талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық -
санитариялық бақылауды және қадағалауды:
і ш к і с а у д а о б ь е к т і л е р і н д е ;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен
шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге
асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды,

жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);
ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда;
экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;
экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың буып-түйетін материалдарының барлық түрлері б о й ы н ш а ;
тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;
экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік ұй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;
мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта құру және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;
тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс–шаралар өткізуді ұйымдастыру;
уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастыру;
ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар ө т к і з у д і ұ й ы м д а с т ы р у ;
ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және облыстық жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;

ветеринарлық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыну;
облыстың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсынастар енгізу;
облыстың жергілікті атқарушы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;
ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринариялық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;

облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу;
ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу.

17. Құқықтары мен міндеттері:

өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органнан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

белгіленген ветеринариялық-санитариялық ережелер мен нормативтерді бұзу жағдайда, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың лицензияларын заңнамада белгіленген тәртіппен кері қайтарып алуға бастамашы болуға;

белгіленген тәртіпте төтенше эпизоотияға қарсы комиссияларды құру туралы ұсыныстар енгізуге;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіпте кедергісіз баруға (қызметтік куәлікті ұсыну жағдайда), сондай-ақ ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпаратты алуға;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектілері сынамаларын мүдделі тұлғаларды зерттеу өткізудің мерзімі туралы хабарламамен диагностикасы немесе ветеринариялық-санитариялық сараптамасымен бірге іріктеуді жүргізуге;
мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық қадағалау және бақылау өткізуге;

ветеринарлық құжаттарды беруге;
осы Ережеде көрсетілген өкілеттіктер шегінде актілер шығаруға;
ветеринариялық-санитариялық қолайлы аумақтарда, сондай-ақ қолайсыз
пункттерде жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін
орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді анықтау кезінде, Қазақстан
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қою және жою,
оларды залалсыздандыру (зарарсыздандыру) немесе қайта өңдеуді
ұйымдастыруға қатысу, сонымен қатар көрсетілген деректер туралы денсаулық
сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға хабардар етуге;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу
жағдайда сотқа арыз-талап қоюға құқылы.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын
б а с ш ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

19. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын аудан әкімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

20. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары жоқ.

21. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттігі: "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді,

"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс жоспарларын бекітеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет етеді;
с е н і м х а т т а р б е р е д і ;

заңнамамен белгіленген тәртіпте "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

ер азаматтардың және әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;

"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам атқарады.

22. Басшы қызметкерлерінің өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

23. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлкі болуы мүмкін.

"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі, оған құрлытайшы - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК